

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Жастар кадр резерві жөніндегі
Ұлттық комиссияның
2025 жылғы 2 қазандағы
№ 25-42-6.2 хаттамасына
1-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар кадр резерві жөніндегі ұлттық комиссияның 2025 жылғы 13 мамырдағы № 25-42-6.1 хаттамасымен бекітілген 2025 жылы Президенттік жастар кадр резервіне іріктеуді өткізу тәртібіндегі 8-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Сараптама комиссиясында әңгімелесу

2025 жылғы 8 – 10 қазан аралығындағы кезеңде Агенттік базасында «Резервке іріктеу жөніндегі сарапшылық комиссияда әңгімелесу» (бұдан әрі – Сараптама комиссиясы) кезеңі оффлайн-режимде өткізіледі.

«Сараптама комиссиясында кандидаттармен әңгімелесу» кезеңі басталардан бір апта бұрын осы кезеңге жіберілген кандидаттар үшін олардың сөз сөйлеу сапасын арттыру мақсатында Академия оқытушыларымен дайындық кездесу (онлайн немесе оффлайн-режимде) ұйымдастырылады.

Сараптама комиссиясы тұрақты және тұрақты емес мүшелерден тұрады. Сараптама комиссиясы мүшелерінің тұрақты құрамына Президент Әкімшілігінің, Агенттіктің өкілдері, Академия ректоры, Агенттік жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы және Президент Әкімшілігінің келісімі бойынша өзге тұлғалар кіреді.

Тұрақты емес құрамға Президент Әкімшілігінің салалық бөлімдерінің меңгерушілері, кандидаттардың салалық бағыттарына сәйкес мемлекеттік органдардың басшылары немесе олардың орынбасарлары, тәуелсіз сарапшылар кіреді.

Кандидаттармен әңгімелесу өткізу процесінде Сараптама комиссиясына байқаушы қатысады. Агенттікпен келісу бойынша мемлекеттік органдар жанындағы қоғамдық кеңестердің, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, тәуелсіз сарапшылардың өкілі және өзге де адамдар байқаушы бола алады.

Сараптама комиссиясындағы әңгімелесуде кандидат 5 минут ішінде тиісті саланы, жүйені немесе қызмет бағыттарын дамытуға өзінің пайымын таныстыруы қажет. Кандидатқа бөлінген уақыт өткеннен кейін Сараптама комиссиясының мүшелері кандидатқа сұрақтар қоя алады, сондай-ақ оның таныстырылымына пікір білдіре алады.

Сараптама комиссиясы отырыстарының қорытындысы бойынша Ұлттық комиссия отырысында қарауға ұсынылатын 100-ден аспайтын кандидаттың тізімі қалыптастырылады, олардың ішінде мынадай бағыттар бойынша:

- әлеуметтік саясат, азаматтық қоғам – 18 кандидаттан аспайды;

- инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты – 16 кандидаттан аспайды;

- экономикалық және қаржылық саясат – 14 кандидаттан аспайды;

- цифрландыру – 18 кандидаттан аспайды;

- агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау – 18 кандидаттан аспайды;

- сыртқы саясат және инвестициялар – 16 кандидаттан аспайды.

Осы кезеңнің нәтижелері кандидаттардың жеке кабинеттерінде, сондай-ақ Резервтің онлайн-платформасында орналастырылады.».
